

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина университеті



Тақырыбы:

*Реаниматология негіздері. Мейірбикенің
қарқындылық терапиясы бөлімінде
жұмысының ерекшелігі*

Ақтөбе, 2019 жыл

Жоспары

I. Кіріспе бөлім

II. Негізгі бөлім

1. *Реаниматология туралы түсінік*
2. *Реанимация бөлімшесінде жүргізілетін іс-шаралар*
3. *Медбикенің негізгі міндеттері мен құқығы*

III. Қорытынды

Реанимация туралы түсінік

▣ **Организмді тірілту, реанимация** (лат. *re* – *қайта* және лат. *animation* – *жандандыру*) – ағзаның тіршілік етуіне қажетті ең маңызды органдар қызметінің бұзылуын не тоқтауын қалпына келтіру.



- Организмді тірілту терминальдық жағдайларда, оның ішінде клиникалық өлім кезінде қолданылады. Әдетте, ағза тіршілігі біртіндеп барып тоқтайды. Бұл кезде ми және орталық жүйке жүйелері тіршілігін толық жоғалтпайды.
- Физиологиялық зерттеулер нәтижесінде өмір мен өлім арасында белгілі бір аралық жай болатыны дәлелденген. Бұны клиникалық өлім деп атайды. Бұл кезде ***тыныс алу, жүрек соғысы, шартты және шартсыз рефлекс байқалмайды, клиникалық өлім 5 – 8 минутқа созылады.*** Организмді тірілту үшін ең алдымен қолдан тыныс алдыру мен жүрекке массаж жасалынады. Сондай-ақ, қан құю, жүректі электрмен дефибриляция жасау шаралары да жатады.

□ Организмді тірілтуге бағытталған негізгі шаралар түріне қарай жүрек-өкпелік, жүректік, тыныс алу реанимациясы деп бөлінеді. Клиникалық өлімнен ағнаны тірілту неғұрлым ерте (*8 минуттан*) басталса және қолдан тыныс алдыру мен жүрекке массаж дұрыс жасалса нәтижелі болады. Бұрын ауырмаған адам кенеттен не кездейсоқ себептерден (*мысалы, электр тогы соққанда, наркоз көп мөлшерде берілсе, әр түрлі себептермен жүрегі тоқтап қалғанда, т.б.*) клиникалық өлімге ұшыраған жағдайда, ағнаны тірілту жиі қолданылады. Адам ұзақ ауырып, оның ағзасындағы тіршілікке маңызды органдарында (*мысалы, жүйке жүйесінде, т.б.*) қайтымсыз өзгерістер байқалса, организмді тірілтуге мүмкіндік болмайды. Бұл кезде өлімнің биологиялық сатысы басталады.

Реаниматологияда жүргізілетін негізгі шаралар:

- ✓ Өмірден өлімге дейінгі аралық кезең мен өлім механизмі (терминальді жағдайлар)
- ✓ Ағзаны тірілту әдістері (өмірлік қызметтерді қалпына келтіру)
- ✓ Өлімді алдын алу әдістері
- ✓ Организмнің тірілгеннен кейінгі жағдайы (постреанимациялық кезең)

Реаниматология және қарқынды терапия бөліміндегі медбикенің міндеттері:

- **1.Жұмысқа кіріспестен бұрын медбике:**
- Бөлімшедегі науқастар туралы мәліметтер жинауы қажет. Тұрақсыз гемодинамикалы, терминальді және кома жағдайындағы, ӨЖЖ жүргізіліп жатқан науқастарға, операциядан шыққан, психозбен ауыратын науқастарға ерекше назар аударуы қажет;
- Науқастың психикасы мен қазіргі жағдайының ауырлық дәрежесін бағалау;
- Науқастың жағдайын қатаң бақылауға алу:- АҚҚ, жүректің жиырылуы жиілігі, орталық веналық қысым, тыныс алу жиілігі, температура, диурезді өлшеу және алынған мәліметтерді қарқынды терапия картасына жазып отыру;
- Таңғыштардың жағдайын бағалау (таңғыштың орнын, ылғалдануын, ластануын бақылау);

- Орталық және перифериялық веналық, перидуральды, оттектік және зәр катетерлерінің, назогастральды және назогастроинтестинальді зондтардың, трахеостомиялық және цистотомиялық түтіктердің дұрыс орналасуын бағалау;
- Жұмсақ тіндердің жағдайын бағалау;
- ӨЖЖ аппаратының жұмысын, монитор көрсеткішін, монитор датчиктерінің дұрыс орналасуын бақылау;
- Науқастың патологиясына сай төсек қалпын бақылау (Фаулер, Симс)



□ **2.Жұмыс уақытында медбике науқастарға күтім жасауы керек.**

- Науқасты жуындыру, қуысын, жыныс мүшелерін тазалау ;
- Төсек жаялықтары мен іш киімдерін ауыстыру;
- Науқасты тамақтандыру;
- Дене ойықтарын алдын алу;
- Науқастың, сонымен қатар кома жағдайындағы науқастың ауыз қуысынан, трахеобронхиальды ағаштан эндотрахеальды және трахеостомиялық түтік арқылы қақырықты сорып алу;
- Тыныс гимнастикасын өткізу;
- Теріні өңдеу және таңғыштарды ауыстыру, операциялық жаралардың ылғалданған немесе ластанған таңғыштарын ауыстыру;
- Қарапайым физиотерапиялық іс-шараларды жүргізу (ингаляциялар, банка қою, қыша қағазын қою, оксигенотерапия және т.б);
- Катетер немес цистостома арқылы антисептикалық ертінділермен қуықты күніне 2 рет жуу;
- Асқазанды назогастральды зонд арқылы жуу.

- ❑ **3.Жұмыс уақытында медбике дәрігердің нұсқауларын орындау керек:**
- ❑ Дәрілік препараттарды енгізу жәге инфузионды-трансфузионды терапияны орындау;
- ❑ Дәрілік препараттарды перидуральды катетерге енгізу;
- ❑ Асқазан зондын енгізіп,асқазанды жуу;
- ❑ Қуыққа катетер салу;
- ❑ Клизма салу;
- ❑ Қан және басқа да биологиялық сұйықтықтарды сараптамалар үшін жинау;



- 4.Кенеттен клиникалық өлім басталған жағдайда медбике өз бетімен реанимациялық іс-шараларды жүргізеді.
- 5. Медбике орталық венаны катетерлеуге,трахеяны интубациялауға,трахеостомия,люмбальді және плевралық пункция жасау үшін құрал-жабдықтарды дайындау және дәрігерге осы манипуляцияларды өткізуге көмектесу.
- 6.Медбике диагностикалық аппараттарды (кардиомонитор, пульсоксиметр,кардиограф),сонымен қатар электродефибриляторды,ӨЖЖ аппараттарын қосады және аппаратқа жауап береді.
- 7.Медбике құрал-жабдықтарға стерилизация алды және стерилизациялық жұмыстарды жүргізеді,палатадағы санитарлы-профилактикалық режимді сақтайды.

□ 8.Медбике медициналық құжатты рәсімдейді және онымен жұмыс жүргізеді:

- Қарқынды терапия картасы;
- Бөлімшенің кезекші медбикесінің журналы;
- Температуралық парақ;
- Наркотикалық және күшті әсер ететін препараттар журналы;
- Қан немесе оның компоненттерін құю журналы;
- Зертханалық анализдер мен аспаптық зерттеуге жолдама жазу;
- Дәрігер консультациясына сұраныс жіберу;

- **Реанимация бөлімшесінің медбикесінің құқығы бар:**
- Кіші медициналық қызметкердің жұмысын бақылау;
- Ғылыми –практикалық конференцияларға қатысу;
- 3 жылда 1 реттен кем емес біліктілігін жоғарылату үшін курстарға қатысу;